


# ГОРНО-МЕТАЛЛУРИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

## январь – сентябрь 2023 г.



**8,8**  
ТРАН ТГ.



ИФО

ДОБЫЧА МЕТАЛ. РУД – **98,8%**

МЕТАЛЛУРГИЯ – **97,0%**

- Добыча металлических руд
- Metallургическая промышленность

**\$8,5** МЛРД




ЭКСПОРТ

ИМПОРТ 42%  
ОТП 58%



РЫНОК


**\$2,5** МЛРД



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за 8 мес. 2023 г.

### ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-СЕНТЯБРЬ 2023 Г., МЛРД ТЕНГЕ



**2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте ҚР тау-кен металлургия (ТМК) саласындағы өндіріс көлемі 8,7 трлн теңгені құрады, бұл, құндық көріністе 2022 жылғы осы кезеңнен 7,9% төмен.**

Металлургия өнеркәсібі өндірісінің құрылымында негізгі үлесті **түсті металлургия** құрайды – 4,1 трлн теңге, **қара металлургия** өндірісінде 1,9 трлн теңгені құрады.

Металл кенін өндіруде негізгі үлесті **түсті кен өндіру** құрайды– 2,3 трлн теңге және қалған бөлігін **темір кенін өндіру** құрайды – 0,38 трлн теңге.

**«Металл кенін өндіру» ФКИ 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте 98,8% құрады.** Бұл ретте, **«Темір кенін өндіру» ФКИ 85,9% құрады.** Сектордағы теріс динамика темір кенін өндірудің төмендеуі (81,4%) есебінен қалыптасты. **«Түсті металл кенін өндіру» ФКИ 101,0% құрады.** Өндірістің өсуі түсті металдың негізгі кенін өндірудің өсуіне байланысты: мыс-мырыш (111,8%); мыс (107,0%), алтыннан тұратын (108,9%), алюминий (боксит) (106,2%).

**«Металлургия» ФКИ 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте теріс мәнді көрсетті – 97,0%. Түсті металлургия ФКИ төмендеуі (96,3%) тазартылған күміс (90,6%); өңделмеген тазартылған мыс (86,1%); өңделмеген тазартылған қорғасын (92,8%) өндірісінің төмендеуіне байланысты.**

**Қара металлургия ФКИ қолданбалы шойын (85,7%); ферроқорытпа (95,8%) өндірісінің төмендеуі есебінен 97,9% құрады.**

Тазартылмаған болат (111,2%), диаметрі әр түрлі құбырлар, болаттан жасалған жіксіз қуыс профильдер (134,4%) өндірісінің өсуі байқалады.

2023 жылғы қаңтар-тамызда **металлургия өнімінің экспорты 8,5 млрд АҚШ долл. құрап, 15,9% төмендеді, соның ішінде, қара металлургия – 2,9 млрд АҚШ долл., түсті металлургия – 5,5 млрд АҚШ долл.** Өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда қара металлургия экспортының көлемі 20,1%, түсті металлургия экспортының көлемі 13,5% төмендеді.

Металлургия өнімі **экспортының құндық құрылымында құн бойынша негізгі көлемді мыс (26%), ферроқорытпа (19%) және уран (18%) құрайды.** Металлургия өнеркәсібі экспортының төмендеуі мыс, ферроқорытпа және жазық прокат экспортының құндық көлемінің төмендеуі есебінен қамтамасыз етілді.

*2023 жылғы қаңтар-тамызда* ҚР металлургия өнімінің негізгі сатушы нарықтары Қытай (29,1%), Ресей (23,6%), Түркия (11%) және Өзбекстан (5%) болды.

2023 жылғы қаңтар-тамызда металлургия өнімі импортының көлемі өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 4,8% өсті және 2,5 млрд АҚШ долл. құрады, соның ішінде, қара металлургия – 2,1 млрд АҚШ долл., түсті металлургия – 0,36 млрд АҚШ долл. Металлургия өнеркәсібі импортының өсуі дәнекерленген және жіксіз құбырлар, жазық прокат, рельстер импортының құндық көлемінің өсуі есебінен қамтамасыз етілді.

Металлургия өнімі импортының құндық құрылымында 2023 жылғы қаңтар-тамызда мыналар басым: дәнекерленген құбырлар (19,6%), жіксіз құбырлар (14,9%), жазық прокат (13,0%) және шыбықтар (12,1%).

ҚР-да 2023 жылғы қаңтар-тамызда металлургия өнімін негізгі жеткізушілер Ресей (74,2%), Қытай (10,2%) және Өзбекстан (2,0%).

2023 жылғы қаңтар-тамызда ҚР-да металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 5,9 млрд АҚШ долл. құрады, онда ОТӨ үлесі 58%, импорт өнімі үлесі 42% құрайды.

Сала 3 өңірде жоғары аумақтық шоғырланумен ерекшеленеді: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында. ҚР металлургия өндірісі құрылымында Қарағанды облысының үлесі шамамен 21%, ШҚО – 18,6% және Павлодар облысы 14,5% құрайды.